

## Жақсы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 ақпандағы № а-1/34 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Жақсы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жақсы ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

Жақсы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 наурыздағы № а-1/84 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3696 нөмірімен тіркелген, "Жақсы жаршысы" газетінде 2013 жылы 12 сәуірде жарияланған);

Жақсы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 қыркүйектегі № а-8/311 "Жақсы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 наурыздағы № а-1/84 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3822 нөмірімен тіркелген, "Жақсы жаршысы" газетінде 2013 жылы 11 қазанда жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары

Л.Сейдахметоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*